



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Дәстүрлі нұсқа	Жеңілдетілген нұсқа	Аударымы
買	买	Сатып алу
開	开	Ашу
東	东	Шығыс

Бүгінгі таңда жазудың дәстүрлі ұсқасы Корея, Тайвань, Гонконг және Макаода әлі күнге дейін қолданыста. Жапонияда 1946 жылдан бастап жеңілдетілген жапондық жазу қолданылуда. Ал Сингапур және 1981 жылдан бері Малайзия қытайдың жеңілтілген жазуымен жазады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда қытай тілі мен жазуы – әлем халқының көп бөлігі қолданатын тілдік жүйе болып табылады. Өзіміз байқағанымыздай, қытай жазуы өте ертеден бастап пайда болып, бүкіл адамзат өмірі үшін үлкен тарихи мәнге ие. Сондықтан, бұл қытай жауының тарихын, қалыптасуын және негізгі нұсқаларын білу өте маңызды. Себебі, қытай тілі – орасан зор тарихи мәнге ие, өркениет және әлемдік тіл.

Қолданылған әдебиет

1. Тан Лань, Чжунго вэньцзы сюэ (Учение о китайском письме), Шанхай, 1981, с. 63-66.
2. Крюков М.В. Древнекитайский язык / М.В. Крюков, Хуан Шу-ин - М.: Наука, 1978. - 512 с
3. Ольга Завьялова Лабиринты иероглифа // НГ-Наука. — 2001. — № 06 (42). Китайская письменность
4. "История Древнего мира. Древний Восток. Индия, Китай, страны Юго-Восточной Азии" / А.Н. Бадак, И.Е. Войнич, Н.М. Волчек и др. - Мин.: Харвест, М.: АСТ, 2000. - 848 с. ISBN 985-433-717-0
5. Чжоу Югуан Модернизация китайского языка и письменности // Новое в зарубежной лингвистике. — М., 1989. — В. XXII. Языкознание в Китае. — С. 376-398.
6. Омельченко, О. А. Изучаем грамматику китайского языка/ О. А. Омельченко. - М.: Восточная книга, 2007. - 317 с.
7. http://www.china-shufa.narod.ru/2History/history/history_1.htm
8. <http://www.asia-business.ru/military/culture/writing/>

ӨОЖ 811.581'362:811.512.122

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МӨЛШЕР СӨЗДЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Тезекбаева Нургуль Сайрановна

k.nura_08@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қытай филологиясының студенті, Астана, Қазақстан

Мөлшер – адамдардың дүниетанымы, оны меңгеру мен бейнелеудегі басты көлемі іспетті ұғым. Адамның дүниетанымы, құбылыстар мен заттар, олардың көлемі барлығы да мөлшерсіз, шамасыз болмайды. Кез келген заттың, құбылыстың белгілі бір өлшемі, мөлшері болады. Зат немесе қимыл- әрекеттің сандық мөлшерін емес, тек бірлігін ғана білдіретін сөздер қытай тілінде мөлшер сөздер деп аталады. «Мөлшер сөз» атауының мағынасына келсек, ол мөлшерлеу, шамалау дегенді білдіреді. Қытай тіл білімінде 1898-1952 жылдар аралығындағы ғылыми еңбектерде мөлшерге берілген атауларда бірізділік жоқ екенін байқауға болады. 1898 жылы Ма Цзенчжүң (马氏文通) «Грамматика сауаты» кітабының есім сөздер тарауында былай деген: «Өзі сөз емес, бірақ зат санымен қабысып келетін сөздер болады. Мысалы, ат, арба деген атаулардың алдында тұрады». Лүй Шусяң (吕叔湘) «Қазіргі

қытай тіліндегі 800 сөз» деген кітабында мөлшер сөздерді: жекелік мөлшер сөздер, жинақтық мөлшер сөздер, бөлшектік мөлшер сөздер (часть) (部分量词), сыйымдылық мөлшер сөздері (容器量词), уақытша мөлшер сөздер, өлшемдік мөлшер сөздер, тәуелсіз мөлшер сөздер, қимылдық мөлшер сөздер, күрделі мөлшер сөздер деп топтастырады. Ли Уиэхуа мөлшер сөздерді заттық және қимылдық мөлшер сөздер деп екіге бөліп, ал заттық мөлшер

сөздерді арнаулы және ауыспалы мөлшер сөздергебөлген. Ол арнаулы мөлшер сөздерді: жек елік, жинақтық, өлшемдік, белгісіздік, потенциалдық және күрделі мөлшер сөздер деп бөлген. Қимылдық мөлшер сөздерді де арнаулы және ауыспалы деп бөліп қарастырған.

Қазақ тіл білімінде мөлшер ұғымына қатысты қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін зерттеушілер тарапынан нақты да жүйелі жинақталған, жалпы атауын белгілі бір терминмен берген бірізді еңбек қазірше жоқ. Олар әрбір зерттеушінің еңбегінде әр түрлі аталып келеді. Тілдік тарихи даму үрдісіне қарасақ, мөлшер мәнді сөздер түркі тілдерінің барлығында, оның ішінде қазақ тілінде жиі кездеседі. Мысалы, бір үйір жылқы, бір табын сиыр, бір отар қой, бір уыс бидай, бір қадақ күріш, бір шелек сүт, бір құшақ отын, бір құлаш жіп, бір қарын май, бір жұтым су, бір үзім нан, таяқ тастам жер, сүт пісірім уақыт т. б. [4,-384]

Қытай тіліндегі заттық мөлшер сөздердің дамуы аса күрделі, әрі ұласпалы. Себебі қоғамда мөлшерді өлшеудегі бірліктердің көбеюіне байланысты өлшем бірліктері де көбейген. Табиғи көріністерге, заттардың бейнелеріне қарай 个 [ge], 口 [kou], 张 [zhang], 年 [nian] жиі қолданылатын жекелік мөлшер сөздер пайда болып, дамыды. Екі хан (两汉) дәуірі кезінде сан мөлшер сөздерінің саны көбейіп, атқаратын қызметі нақтыланып, өзінше даралана бастады. Мысалы, 马 - 匹 атқа [pi] мөлшер сөзі, 牛 - 头 сиырға [tou] мөлшер сөзі, 羊 - 头 қойға [tou] мөлшер сөзі қолданылған. Бұл мөлшер сөздердің Чин (先秦) дәуірінде пайда болып, кейінгі Хан дәуірінде де өз қасиеттерін сақтай отырып дамыған. Жануарларға қатысты мөлшер сөздер: 马称匹 [ma – pi] жылқыға 匹 pi; 羊, 牛称头 [yang, niu – tou] қойға, сиырға 头 мөлшер бірліктері қолданылған. Мұндағы tou сөзі әуелде дене мүшесі бас мағынасын берген, кейін сиыр мен қой сөздерімен тіркесіп, сол жануарлардың мөлшерін көрсетуде қолданылған. Қорыта айтқанда, қытай тіліндегі заттық мөлшер сөздер сауыт-сүйек, металл дәуірлері кезінде пайда болып, Чин дәуірі кезінде заттық мөлшер сөздер қалыптасып, дамыды. Екі хан дәуірі заттық мөлшер сөздердің дамып, жетілген кезеңі болып есептеледі.

Қытай және қазақ тілдеріндегі мөлшер сөздердің ерекшеліктері. Мөлшер сөз – қытай тіліндегі ең негізгі грамматикалық ерекшеліктердің бірі. Қытай тілінде әдетте заттың сандық мөлшерін білдіру үшін сан есім мен зат есім бірден тіркесе алмайды, олардың арасында міндетті түрде мөлшер сөздер қосылып айтылады. Мыс.: 一个人 [Yi ge ren] бір адам, 一本书 [yi ben shu] бір кітап, 一辆车 [yi liang che] бір арба, 三件衣服 [san jian yi fu] үш киім, 拉一把 [La yi ba] тарту, 考一次 [kao yi ci] бір рет сынақ тапсыру, 住一年 [zhu yi nian] бір жыл тұру, 看了一遍 [kan le yi bian] бір рет қарады. Айталық, бір тұтам шөп, бір қазан ет, бір сауым сүт, бір орам жіп, бір атым насыбай, бір уыс тары т.б. Осындағы тұтам, қазан, сауым, орам, атым, уыс сөздері аталған тіркестердегі зат есімнің мөлшерін (шамасын) білдіріп тұр. [7,-67].

Бірақ мұндай сөздер қазақ тілінде жеке сөз табы ретінде қарастырылмаған. Өйткені, біріншіден, олар жеке тұрғанда тілімізде басқа сөз табына (жоғарыда келтірілген сөздер зат есімге) тәуелді сөздер. Екіншіден, қазақ тілінде әдетте сан есім мен зат есім сөздері тікелей тіркесе береді. Мыс.: бір адам, екі үстел, үш орындық т.б. Ал қытай тілінде олай емес, кей жағдайда болмаса, сан есім мен зат есімдер мөлшер сөздерсіз тіркесе алмайды.

Заттық мөлшер сөздер адам не заттың санын білдіреді. Мыс.: 一个人 [yi ge ren] бір тал адам, 一张桌子 [yi zhang zhou zi] бір стол, 一斤米 [yi jin mi] бір фунт күріш, 两本书 [liang ben shu] екі кітап. Көне қытай тілі кезінен бері келе жатқан мөлшер сөздер: 乘 [cheng], 帙 [zhi], 巡 [xun], 寻 [xun], 樽 [zun], 袭 [xi]. Бір мөлшер сөзді бірнеше зат есімге қатысты мөлшер сөз ретінде қолданылады. Сондай-ақ басқа тілдерден енген мөлшер сөздер де бар: 便士 [bianshi] пенси, 伏特 [tute] вольт, 瓦 [wa] ватт, 英寻 [yingxun], т. б.

Заттық мөлшерлік сөздердің тек мөлшер сөз ретінде ғана қолданылатын түрімен бірге басқа сөз таптарынан ауысып қолданылатын түрлері де болады. Заттық мөлшер сөздерді мағыналық сипатына қарай арнаулы және ауыспалы деп бөлуге болады. Арнаулы мөлшер сөздер бес топқа бөлінеді:

1. Жекелік мөлшер сөздер дегеніміз – жеке заттардың бірлігін білдіру үшін арнайы қолданылатын мөлшер сөздер. Мыс.: 个[ge], 位[wei], 件[jian], 本[ben], 把[ba], 匹[pi], 块[kuai], 篇[pian], 支[zhi], 家[jia], т. б. Заттардың формасына қарай қолданылатын мөлшер сөздер: 条[tiao] сырт көрінісі ұзын, жіңішке заттарға қолданылады: 一条板凳[yi tiao ban deng] бір ұзын орындық, 一条绳子[yi tiao sheng zi] бір арқан, т. б. 张[zhang] теріс, жалпақ және кейбір ашылатын заттарға қолданылады: 一张桌子[yi zhang zhuo zi] бір үстел, 一张剧票[yi zhang ju piao] бір театр билеті, т. б. Екі тілде де талдап санау өлшеміндегі сөздерде сандық мәні анық болмайды және олар зат есімдерге қолданылады. Мыс.: бір қап астық, бір түп тал, үш парақ қағаз, екі том кітап, бір шоқ раушан гүлі, он бау шөп, екі кесе май, т. б.

Туыс емес екі тілді салғастыру нәтижесінде ең басты айырмашылық жекелік сөздердің қытай тілінде өте көп екендігі дәлелденді.

2. Жинақтық мөлшер сөздер заттардың және адамдардың жұбын, жиынын есептейтін, санайтын бірлік ретінде қолданылады: 副[fu], 双[shuang], 对[dui], 帮[bang], 班[ban], 套[tao], 大[da], 伙[huo], 群[qun] т. б. жатады. Мөлшер сөздердің бұл түрі заттардың жиынтығын білдіреді. Мыс.: 一副手套[yi fu shou tao] бір жұп қолғап, 一副对联[yi fu dui lian] жұп жазбалар, 一副眼镜[yi fu yan jing] бір жұп көзәйнек, 群[qun] 一群马[yi qun ma] бір үйір жылқы, 一群孩子[yi qun hai zi] бір топ бала, 一群人[yi qun ren] бір қора кісі. .

Қытай және қазақ тілдеріндегі жинақтық мөлшер сөздерге жасалған салғастырмалы талдау олардың өзіндік айырмашылықтары бар екенін көрсетті. Қытай және қазақ тілдеріндегі мөлшер сөздердің ұқсастығы туыс емес екі тілде де жинақтық мөлшер сөздердің болуы, ал айырмашылықтары олардың жасалу жолдарында. Қытай тілінде көптік формасының жасалу жолдары көп жағдайда мөлшер сөздердің көмегімен жасалады. Қазақ тілінде жинақтық мөлшер сөздердің жасалу жолдары да әр алуан болып келеді.

3. Белгісіздік мөлшер сөздер әдетте белгісіз сандық шаманы білдіреді. Олар 些[xie], бірнеше, біраз және 点儿[dianr] біраз, азырақ сөздерінің көмегімен белгісіздік шаманы көрсетеді. Мыс.: 一些[yi xie] бірнеше, 一些人[yi xie ren] бірнеше адам, 好些东西[hao xie dong xi] біраз жақсы заттар, 点儿[dian er] азырақ, 一点儿东西[yi dian er dong xi] азырақ заттар. Белгісіздік шаманы білдіретін сөздер сан есімдермен тіркескенде, тек қана 一[yi] бір санымен тіркесе алады. Кейде мөлшер сөздер сан есімдерсіз зат есіммен тікелей тіркеседі. Мыс.: 来了些人[Lai le xie ren] бірнеше адам келді, 买点儿苹果[mai dianr ping guo] біраз алма сатып алады, т. б. Заттық белгісіздік мөлшер мағынасы қоршаған ақиқат болмыстағы заттардың (адамдардың, жансыз және жанды заттардың, т. б.) болжалды санын білдіреді.

Қазақ тілінде заттық белгісіздік мөлшерді білдіруде көп, көбірек, аз (емес), азғантай, қалың, дүйім, сан, т. б. сөздері де қолданылады. Қытай және қазақ тілдеріндегі белгісіздік мөлшер сөздері ұқсас болып келеді. Қытай тілінде 些[xie], бірнеше, біраз және 点儿[dianr] біраз, азырақ сөздерімен, қазақ тілінде көп, аз, азырақ, қалың, т. б., сөздерімен жасалады.

4. Уақытқа қатысты (потенционалды) мөлшер сөздер 量词: 年 жыл, 星期 апта, 天 күн, 小时 сағат, 三年 үш жыл, 五天 бес күн, 一小时 бір сағат т. б.

5. Қытай тіліндегі өлшем бірлікті білдіретін мөлшер сөздер екі топқа бөлініп қарастырылады. Бірі – метрикалық санау бірліктері: ұзындық өлшемдері (长度): 微米[wei mi] микрометр т. б.; аудан өлшемдері (面积和地积): 公亩[gong mu] ар, 公顷[gongqing] гектар т. б.; сыйымдылық өлшемдері (容量): 毫升[hao sheng] миллилитр, 升[sheng] литр т. б.; салмақ өлшемдері (重量): 克[ke] грамм, 百克[bai ke] гектограмм, 公斤[gongjin]

килограмм, 公担 [gongdan] центнер, 斤 [jin] жарты килограмм, 吨 [dun] тонна; көлемдік өлшемдер (体积): 立方厘米 [lifanglimi] куб сантиметр, 立方分米 [lifangfenmi] куб.

Екіншісі –қытай халқының өзіне тән өлшемдік, салмақтық бірліктер: ұзындық өлшемдері: 市毫 [shi hao] hao, 市里 [shi li] ли т.б. аудан өлшемдері: 平方市寸 [ping fangshi cun] шаршы сунь, 平方市尺 [ping fang shi chi] шаршы чи, т.б. сыйымдылық өлшемдері: 市勺 [shi shao], 市合 [shi he] т.б. салмақ өлшемдері: 市丝 [shi si], 市毫 [shi hao], т.б. көлемдік өлшемдер (体积): 立方市寸 [li fang shi cun], 立方市尺 [li fang shi chi], 立方市丈 [li fang shi zhang].

Ауыспалы мөлшер сөздер (借用名量词) дегеніміз – сыйымдылықты білдіретін және басқа сөз табынан ауысып келіп (қосымша) қызмет атқаратын сөздер. Қазіргі қытай тілінде мұндай мөлшер сөздерді зат есім мен етістіктен ауысып келген сөздер құрайды. Мыс.: 一杯茶 бір шыны шай, 一口井 бір құдық, 一头牛 бір бас сиыр, 一户人家 бір жанұя, 一粒珍珠 бір тал інжу маржан, 一串葡萄 бір сабақ жүзім, 一朵花 бір шок гүл, 一束鲜花 бір бума гүл т.б. Уақытша мөлшер сөздер (临时名量词) зат есім немесе етістік мөлшерлік мағынада қолданылып, зат есім немесе етістіктің өздері бейнелейтін зат немесе қимылдың көлемін екінші бір заттың мөлшері ретінде көрсетуін білдіреді. Мыс.: 一书架书 бір сөре кітап, 一脸汗 жүзін тер басу, 一瓶子牛奶 бір бөтелке сүт, 一屋子人 адам толы бөлме, 一箱子衣服 бір чемодан киім, 一身泥 денесі тұтас балшық, 桌子 [zhuo zi] (үстел /зат есім/ 一桌子书 [yi zhou zi shu] бір үстел кітап, 一裙子水 етегі су болу, 捆 [kun] орам /етістік/ 一捆嫁 [yi kun jia] бір орам жасау. Қазақ тіліндегі ауыспалы мөлшер сөздерді тұрақты тіркестер жасайды, олар негізінен зат есім және етістіктен ауысып келген сөздер болады. Мұндай сөздер қазақ тілінде дара мөлшерлік сөздер деп те аталады. Мәселен, қазақ тілінде зат есімнен немесе етістіктен ауысқан мөлшерлік сөздер өте көп: бір кесе су, бір тостаған қымыз, бір бас сиыр, бір тал алма, бір кесе су т.б. [3,-384]

Қытай тіліндегі мөлшер сөздер жүйесін құрайтын екі топ болса, соның бірі – қимылдық мөлшер сөздер. Қытай тілін зерттеуші белгілі ғалым Лүй Шусяң өзінің «Қытай тілі грамматикасына кіріспе» атты еңбегінде қытай тіліндегі қимылдық мөлшер сөздерді арнаулы қимылдық мөлшер сөздер, қимылдың қандай құралмен атқарылғандығын білдіретін мөлшер сөздер және етістікпен бірлескен мөлшер сөздер деп үш топқа бөлген.

Арнаулы қолданылатын қимылдық мөлшер сөздер: 次 [ci], 回 [hui], 下 [xia], 番 [fan], 通 [tong], 气 [qi], 阵 [zhen], 遍 [bian], 趟 [tang], 场 [chang], 顿 [dun] .

Ауыспалы қимылдық мөлшер сөздердің шығуына қарай, бес үлкен топқа бөлінеді. Олар:

1. Уақыттық мөлшер сөздер: 谈一小时 бір сағат сөйлеу, 病一星期 бір апта ауыру, 休息两天 екі күн демалу, т.б. 2. Дене мүшелеріне қатысты мөлшер сөздер: 看一眼 бір рет қарау, 踢一脚 бір рет тебу, 打两拳 екі рет ұру, т.б. 3. Құралдық мөлшер сөздер: 砍一刀 бір шабу, 放一枪 бір мәрте атпақ 洗一水 бір жуар су, 敲一棍子 таяқпен бір рет ұру, 画一笔 бір сызу, 切一刀 бір мәрте кесу т.б. 4. Сүйемелдеу мағынасындағы мөлшер сөздер: 唱一曲 бір ән салу, 走一步 бір адым басу, 喊一声 бір рет айғайлау, 转一圈 бір айналу т.б. 5. Тұлғалас мөлшер сөздер: 看一看 көру, 走一走 жүру, 说一说 сөйлеу, 摸一摸 сипалау, 敲一敲 қағу, т.б. [2.-186]

Қытай тілінде кейбір сөздерге мөлшер сөздің орнына зат есімге мағынасы жағынан жақын сөздерді қолданылады. Мыс.: 一口猪 [yi kou zhu] бір бас шошқа, 一头牛 [yi tou niu] бір бас сиыр, 一尾鱼 [yi wei yu] бір тұтам балық, 一刀纸 [yi dao zhi] бір кесім (жүз парак) қағаз, 一碗饭 [yi wan fan] бір кесе тама, 车 [che] машина, 飞机 [fei ji] самолет, 碗 [wan] кесе, 瓶 [ping] бөтелке, 柜子 [gui zi] шкаф, 一脸汗水 [yi lian han shui] жүзін тер басу, 一口白牙 [yi kou ya] ауызы толы ақ тіс, 一手泥巴 [yi shou ni ba] бір уыс балшық, т.б.

Мөлшер сөздер көбінесе қалыптасқан ұғымдағы немесе арнайы объектіге арнайы қолданылатын сөздер. Олар негізінен екі түрге бөліп қарастырылады. 1) арнайы өлшем

бірліктер: 一斤 жарты килограмм, 两 0.33 грамм, 吨 тонна, 米 метр, т.б. 2) адамды немесе затты білдіретін сөздер: 个, 位, 名, 员, 群, 伙, 帮, 窝; Істі-қимылды білдіретін сөздер: 件, 项, 桩, 起, 档, 宗; Отбасын білдіретін сөздер: 世, 代, 辈, 房, 家, 户; Дәрежені білдіретін сөздер: 等, 级; Түрді (вид) білдіретін сөздер: 种, 类, 样, .

Қимылдық мөлшер сөз жеке бір жүйе ретінде ішкі құрылымы бірнеше бөлектен тұрады, оның етістікпен тіркесуі әртүрлі факторларға байланысты. Ол бірінші кезекте қимылдық мөлшер сөздің өзіндік семантикалық ерекшелігіне, екінші кезекте етістікке қатысты объектіге байланысты болады. Қимылдық мөлшер сөздің құрылымдық жүйесін төрт сатыға бөліп қарастыруға болады. Олар: жалпы қолданыстағы мөлшер сөздер (通用量词), тәуелсіз мөлшер сөздер (自主量词), көмекші мөлшер сөздер (借助量词), модальдық мөлшер сөздер (情态量词)

1) Жалпы қолданыстағы мөлшер сөз (通用量词). Сандық және уақыттық мөлшер бірліктерін білдіретін мөлшер сөздер: 次 рет, 回 рет, 年 жыл, 月 ай, 日 күн, 季 сезон, 周 демалыс күндері, т.б.

2) Тәуелсіз мөлшер сөздер (自主量词): 看一看 қарау, 学一学 үйрену, 说一说 сөлеу, 扫一扫 сыпыру т.б.

3) Көмекші мөлшер сөздер (借助量词). а) Дене мүшесіне байланысты: 眼 көз, 头 бас, 腿 аяқ, 手 қол, 口 ауыз, 拳 жұдырық, 脚 аяқ, 巴掌 алақан, 指头 саусақ. ә) Құрал-саймандарға байланысты: 刀 пышақ, 枪 мылтық, 笔 қалам, 鞭子 қамшы, 斧子 балта, т.б. б) Нәтижесінің қоса берілуіне байланысты: 步 қадам, 声 дауыс, 圈 қора, 程 жол.

в) Модальдық мөлшер сөздер (情态量词): 番, 通, 气, 阵, 遍, 顿, 场, 趟. [6,-196]

Қытай және қазақ тілдеріндегі мөлшер ұғымдарын білдіретін тұрақты тіркестер. Қазақ тіліндегі ат шаптырым жер, құнан шаптырым жер, козы көш жер дегендермен бірге бір елі, екі елі деген өлшем бірліктері сияқты өлшем бірліктері бар. Қытай халқында да ертеден елі өлшемі болған. Бұл өлшемді күні бүгінге дейін қолданады. Елі сөзінің қытай тіліндегі баламасы 指厚 zhi hou, тура мағынасын қазақ тіліне аударсақ, «саусақтың қалыңдығы» деген ұғымды білдіреді: Екі елі: er zhi hou (шамамен 2 см) екі саусақтың еніне тең; үш елі: san zhi hou (шамамен 6 см) үш саусақтың еніне тең; Төрт елі: si zhi hou (шашамен 8 см) 4 саусақтың еніне тең). Бармақ елі: 大 拇 指 da mu zhi (шамамен 2,5 см). Ерте кезде қазақ халқы да қытай халқы да, жер көлемін, ұзындықты өлшеу үшін мына қарапайым әдістерді пайдаланған. Мыс.: табан, қадам, таяқ өлшемдері, тас лақтырып өлшеу, садақ оғын атып өлшеу, арқанмен өлшеу т.б. [5,-84]

Алыс жолдарға, оған кететін уақыттың ұзақтығына қарай төмендегідей өлшемдер пайда болған: бір күншілік жол (жер) – таңның атуы мен бату аралығы. Қытай тіліндегі мағынасы 一天路 yitian lu бір түстік жол (жер) – ерте шығып кеткенде, күн дәл төбеге келгендегі аралық, қытай тіліндегі мағынасы 半天路 ban tian lu бір түстік жол (жер) – таң атып, жұлдыздар сөніп, күн шыққан кез. Қытай халқының негізгі шаруашылығы – егіншілік. Осы егіншілікке байланысты туындаған қашықтық ұғымдары да жеткілікті. Мыс.: 千米 qian mi 1000 метрге тең – 1 км; 公里 [gong li] шақырымға тең; 十里 [shi li] 0,5 км-ге тең – көз көрім жер; 英里 [ying li] 200-250 метрге тең – құлақ естір жер; 海厘 [hai li] судың бетін өлшейтін өлшем – 600 метрге тең; 尺寸 [chi cun] 34 см-ге тең. [1,-231]

Қытай және қазақ тілдерінің мөлшерлік сөздердің грамматикалық айырмашылықтарына тоқталып, қытай тілі даралаушы тілдерден екенін ескерсек, қытай тіліндегі сөздер ешқандай септелмейтіндігі, шақ формасы, тәуелденбейтіндігі сол тілдің басты айырмашылығы болып келеді. Қазақ тіліндегі мөлшерлік сөздер қабыса, матаса, меңгере байланыстарға түсе алады. Қытай тіліндегі мөлшерлік сөздер тек қана қабыса байланысқа түседі. Қытай тіліндегі мөлшерлік сөздер сөйлемде бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, толықтырғыш бола алады. Ал қазақ тілінде анықтауыштық, пысықтауыш қызмет атқара алады.

Қытай тілі аса күрделі тіл болғандықтан, онда мөлшер сөздердің саны көп және әрбір мөлшер сөздің ойды анықтайтын, толықтайтын, сипаттайтын өзіне тән қызметі бар. Сондықтан олардың бірінің орнына бірін ауыстырып қолдануға келмейді. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің қолданылуы сөз тіркесіндегі немесе сөйлемдегі білідретін мағынасы жағынан, мөлшерлік мағынасымен, құрылымдық қызметі жағынан жіктеліп, ерекшеленеді. Ал қазақ тіліндегі мөлшер сөздер жеке сөз табыретінде қарастырыл мағанымен, тілде атқаратын қызметтеріне қарай олар сан есімдердің құрамындағы нумеративті сөздер немесе өлшем сөздер, септік сөздер, есептік сөздер деп аталып жүр.

Қытай тіліндегі мөлшер сөздер санесіммен, есімдікпен тікелей тіркеседі. Ал зат есім, етістік, сын есім әдетте мөлшер сөздер арқылығана сан есіммен тіркесе алады. Бұл қазіргі заман қытай тіліндегі мөлшер сөздердің басты айырмашылығы. Олар сан есім немесе сілтеу есімдігіментір кесіп, сөйлем мүшесі болады. Сонымен қатар мөлшер сөздер сөйлемде анықтауыш, толықтырғыш, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш қызметтерін атқарады. Мөлшер сөздер кеңінен қолданылады және олардың өзіндік қолдану ерекшеліктері, заңы бар. Өртүрлі мөлшер сөздер өртүрлі сөздерді шамалайды.

Бір мөлшер сөз өртүрлі сөздерді шамалай алады. Бір сөзге бірнеше мөлшер сөздер қолданыла береді.

Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің бір түрі немесе бір тобы – өлшем бірліктері қазақ тілінде дедәл сондай болып кездеседі. Сонымен қатар, қытай тіліндегі бірнеше мөлшер сөз қазақ тіліндегі бірғана мөлшер сөзбен және қазақ тіліндегі бірнеше мөлшер сөз қытай тіліндегі бірғана сөзбен берілу құбылысында жоқ емес. Қытай тіліндегі мөлшер сөздерді қолдануда ерекше қатандықты талапетеді. Егер сөйлемде мөлшер сөзді дұрыс қолданбаса, яғни сипатталатын объектінің өзінеғана тән мөлшер сөзді қолданбаса, немесе оны қалдырып кетсе, онда бұл сөйлем негізгі мазмұнынан айырылыпқалады. Жалпы алғанда, «сан есіммен зат есімді» мөлшер сөздер құрайтын мөлшер сөз тіркесінің, ең басты синтаксистік қызметі – анықтауыш болу. Нақты жағдайларда олбастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш жасайалады. Ерекше тіл ортасында, бастауыштық, баяндауыштық қызметтерін атқара алады, бірақ толықтауыштық қызметжасай алмайды. Сан есіммен қимыл мөлшер сөз және зат есім тіркесіп келгенде белгілі жағдайда сөйлемде ол бастауыш қызметін атқарады.

Мөлшер сөздердің сезімдік, формалық және тілдік реңктерін нақты білу мөлшерсөздерді дұрыс қолдануымызға көмектесіпқана қоймай, оларды шебер тандай білуімізг екөмектеседі, тілді оданда көріктіқыла түседі.

Қорыта келгенде, шетел тілінің жүйесін саналы түрде меңгеру барысында анна тілімен салғастыру қазақ тілінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын жүйелі түрде, тереңірек түсінуге, меңгеруге, пайымдауға жол ашады.

Қолданылған әдебиет

1. Драгунов. А.А.Исследования по грамматике современного китайского языка. 1 часть. М.- 1952, с.231.
2. Яхонтов С.Е. Категория глаголов в китайском языке.– Ленинград, 1957
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1991. - 384 б
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. -384
5. Лүй Шусяң. Қытай грамматикасының қысқаша очеркі. –Пекин, 1956. – 290 б.
6. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі .–Алматы: Ана тілі, 1992. -248 б.
7. Ма Цзень Чжун [马氏文通] .Грамматика сауаты. –Пекин,1898.

ӨОЖ 811.581:003.354

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ САНДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

Тойбол Қарақат